



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ



БЕГАЛИЕВА ЭЛЬВИРА ӘБДУАЛІҚЫЗЫ
«Қазына kz» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукент ауылы

«Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, тұрмысындағы төңірек. Өмірінде қандай тұрмыс көрсе, нендей адамдармен кездессе, жолдас болса, істес болса, солардан өнеге көріп, үлгі алмақ [1,329]», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, бала тәрбиесінде әлеуметтік ортаның берері мол. Автор өз ойын одан әрі жалғай отырып, әр сөзінің мәнін ашады: «Өнер, ғылым жоқ жұртта адам тәрбиесін төңірегінен алады. Өнер, ғылым бар жұрттар, адамдар тәрбиені ата-анадан да, төңірегінен де, мектептен де, әдебиеттен де алады. Сүйтіп, адам мінезіне оң беретін үй іші, мектеп, төңірек болып шығады» [1,329]. Мұндағы «төңірек» деп отырғаны баланың айналасындағы қоршаған орта, әлеумет екені айқын.

Қазіргі уақытта баланың тұлғалық дамуы мен мінезіне оң беретін төңірегі – біріншіден, отбасы болса, одан кейінгісі – мектепке дейінгі білім мен тәрбие беретін мекемелер екені даусыз. Өнер мен ғылымға негізделген білім нәрімен балабақшадан бастап сусындап өскен жас ұрпақ ата-ананың қамқорлығы мен махаббатына бөленіп, тәрбиешісінің ыстық ықыласы мен өнегелі тәлімін көріп, мұғалімнен білім, ғылым үйреніп, айналасындағы әлеуметтік ортадан қолдау мен сенімді сезініп қана толыққанды

жетілген тұлға, абыройлы азамат болып қалыптасады. Сондықтан да, бір баланың саналы да сау, білімді де тәрбиелі болып ержетуіне бүкіл қоғам болып бәріміз мүдделіміз, бәріміз жауаптымыз. Мемлекеттің болашағы, еліміздің тірегі болатын ұрпақ тәрбиелеу ісіне, мүмкін біріміздікі аз, біріміздікі көп болса да, бәріміз де бір кісідей үлес қосамыз. Өйткені, қоғамдық ортадағы, отбасындағы, білім беру мекемесіндегі ересектердің әрбір ісі – ұрпаққа үлгі екенін естен шығармауымыз керек. Баланың есте сақтау қабілеті көру арқылы қалыптасатынын ескерсек, олар ересектердің әрбір сөзінен, қимыл-әрекетінен өнеге көріп, бойына тоқиды. Баланың сәби санасы ол әрекеттердің жақсы-жаманын талдап, баға беретін деңгейде болмағандықтан тек жақсы үлгі, жағымды өнеге көрсетуге міндеттіміз. Бүлдіршіндерді жастайынан ғылым мен өнерге баулып, мәдениет пен әдебиетті насихаттап, театр, кинотеатр секілді мәдени ортамен таныстыру арқылы олардың дүниетанымы мен талғамын, ой-санасын дамытып, пайым-парасат көкжиегін қалыптастыруға үлес қосамыз.

Бүгінде ұлтымыздың баға жетпес қазынасын ұрпақ санасына сіңіріп, көргенді де тәрбиелі, білімді де білікті, зерделі де зерек, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға тәрбиелеуге өзіндік үлес қосып жүрген мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемелері жетерлік. Мәселен, Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақсукент-2 ауылында орналасқан «Қазына» жекеменшік бөбекжайы сәбилердің бойына адамгершілік пен мейірімділік, адалдық пен шынайылық, әділеттілік пен ниет тазалығы секілді адами құндылықтарды сіңіріп, ұлттық құндылық негізінде тәрбиелеуге басымдық береді. Техникалық талаптарға сай жасақталған 150 орынға арналған мекеме 2011 жылы қолданылуға берілгеннен бастап үздіксіз жұмыс істеп келеді. Екі қабатты, 6 бөлмеден тұратын ғимараттың жалпы алаңы – 0,48 га, жер көлемі – 656,5 м.

2015 жылы мемлекеттік аттестаттаудан өткен мектепке дейінгі ұйымның негізгі оқыту тілі – қазақ тілі. 5 күндік жұмыс аптасында тәрбиеленушілер 2 ауысымда,





«Еркетай», «Айгөлек», «Ботақан», «Балапан», «Күншуақ», «Қарлығаш» секілді жас ерекшелігіне сай 6 топта 150 бала білім алады.

XXI ғасыр – білім мен ғылым, ақыл-ой мен зияткерлік сана, жоғары технологияның салтанат құрған заманы болғандықтан мұнда халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыратын ұлттық тәрбие берудің сапасын арттыру өте маңызды. Себебі, жаһандану заманында өркениеттер қақтығысына жұтылып кетпес үшін тегеурінді тұғыр, берік негіз – ұлттық құндылыққа бағдарланған білім беру жүйесі болуы керек. Ұлттық білім беру жүйесінің басты бағыты – ұлы дала даналарының ілім жүйесі мен ұлт зиялыларының идеяларын жаңаша бағытта зерделей отырып, білім мен тәрбиенің тірегіне айналдыру. Бүгінгі білім жүйесін ізгілендірудің қайнар көзі – рух, тіл, діл, дін, салт-дәстүр, өнер секілді ұлттық құндылықтарды білім мазмұнының тұғырнамасына айналдырып, ұлттық білімнің әлеуетін арттыруға мүмкіндік мол. Білім мен тәрбиені ізгілендіру үдерісінде ұлы дала даналары Ж.Баласағұнидің «Ізгілік ілімі», Қ.А.Ясауидің «Хал ілімі», әл-Фарабидің «Жан қуаты ілімі», Абайдың «Толық адам» ілімі, Шәкәрімнің «Ар ілімі» концепцияларымен үндестікте басшылыққа алу көзделеді.

Ендігі ретте ұлт сапасын арттырып, халықтың жаңа болмысын қалыптастыруда ұлттық білімнің негізін құрайтын дала даналары нұсқаған, ұлт көсемдері ұлықтаған «жүрек», «ақыл», «ар-намыс», «әділет», «адал // арам», «обал // сауап», «еңбек» секілді ұғымдар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтың тәрбиелік мәні артып, тәлімі тереңдей береді. Ұлт зиялыларының ұрпақ тәрбиесі туралы идеяларын жаңаша бағытта зерделеу ұлттық тәрбие беру арқылы сананы жаңғырту тұрғысынан өзекті. Сонымен бірге, ұлттың тәрбие берудің басымдықтары ұлттық мәдениетін, тілін, ділін, санасын, денсаулығын, зияткерлік рухани байлығын, танымы мен азаматтық көзқарасын қалыптастыруға негізделеді. Ұлттық тәрбие беруде отбасы, балабақша, мектеп, білім беру орталықтары, оқушылар сарайы, шығармашылық үйлер мен спорт

үйірмелері сәйкес бағыттар бойынша өзара сабақтасып, жоспарға сай кешенді жұмыстар жүргізгенде ғана нәтижелі болмақ. Қазақы дүниетанымға сәйкес ақыл-ойға негізделген тағылымдық өнеге дәстүрі ғасырлар бойы қалыптасып, уақыт сынынан өтіп, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қалыптастырды. Мұның өзі бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігін арттырады.

Ұлтымыздың асыл қазынасы мен құндылықтарын сақтап, қорғауға үйрету білім беру жүйесінің барлық деңгейінде, яғни балабақшадан басталып, жоғары оқу орындарына дейін үздіксіз түрде сабақтастықпен жүргізіледі. Ұлт ұстаздары ұсынған білім беру әдістемесі білім мен тәрбиені тең ұстап, баланың «көкірек көзін» ашып, «жүрек сезімдерін» қозғап, «ынта-ықыласын» ояту арқылы ұлттық құндылықтарды «санаға тоқып», «бойға сіңіру», «өмірлік дағдыға» айналдыруды көздейді. Мұнда шабыттандырушы педагогиканы, адамның рухани ішкі мүмкіндіктерін ашып, жүзеге асыру тәсілдерін басшылыққа алған жөн. Мәселен, Абайдың жүрекке жетіп, тамырды қуалайтын білім концепциясының мәнін түсініп, басымдық беру.

Бүгінгі заманауи маман өз бойына адами құндылықтарды сіңіріп, сөзі мен ісі сай, зиялы тұлға болғаны дұрыс. Мектепке дейінгі ұйымда қызмет жасауда ең алдымен баланы жақсы көру, өз ісінің шебері болу, тәрбие саласының қыр-сырын меңгеру, қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістерге ілесу, бәсекеге қабілетті болу, ізденіс пен шығармашылыққа, жаңалыққа ашық болғаны маңызды. Осы орайда ұлт зиялыларының ұлттық тәрбиеге сай айтылған мынадай идеяларын басшылыққа алуға болады:

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек, тәрбиелі білім беруде тәлімді рух қажет. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиесін бойына жинаған білімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу – біздің



борышымыз деп білемін» [1], - деген сөзі әлі де өзекті.

Ал, алғаш қазақ тілінде «Психология» оқулығын жазған Жүсіпбек Аймауытов: «Тәрбиенің негізгі мақсаты – мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу. Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, айтып ұқтырғаннан гөрі, бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек» [2], - дей отырып, білімнің функционалдығына аса мән береді.

Ақын, қазақ тіліндегі алғашқы «Педагогика» оқулығының авторы Мағжан Жұмабаев: «Әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесін жетік білуге және сол бағытта тәрбие қылуға міндетті» [3], - деп ұлттық тәрбиеге басымдық береді.

Қазақ даласының қоңырауы болып, алғаш мектеп ашқан Ыбырай Алтынсарин: «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі. Оқыту процесінде қалай болса, солай оқытпай – ғылым, білім беру жүйесі сақталу керек» [4], - дей отырып, адамгершіліктің имандылық; жоғарғы әділдік; адалдық, ақкөңілділік; сыпайылық, момындық; адал ниетпен өсиет беру; жомарттық, қайырымдылық; дұрыс заңдылық секілді 7 қасиетін атап көрсетеді.

Ал, мектепке дейінгі педагогика саласында құнды еңбектер жазып қалдырған Нәзипа Құлжанова: «Ойын – баланың шын тірлігі. Төңіректегі нәрседен өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықылас тартады және бір мінезі – сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді. Көрген нәрсесіне ықыласы жеңіл, тұрақсыз. Көрген нәрсесін айтқанда ұмытқан жерлерін ойдан толықтырады» [5], - деп баланың тілін дамыту, зейінін қалыптастыру, ойын жинақтап, шоғырландыру туралы дәйекті пікірін білдіреді.

Бұдан шығатын қорытынды, ұлт зиялыларының идеяларын басшылыққа алу бүгінгі ұлттық білім беру жүйесіне жаңаша серпіліс, тың екпін береді. Себебі, ұлттық негізбен суарылған, ұлтымыздың таным-талғамына сай жазылған еңбектер ғана ұлт тәрбиесіне ұйытқы бола алады. Бүгінде

еліміздің білім жүйесі дәл осы бағытта ұлттық тәрбиеге басымдық беруі, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауы – ел болашағына жасалған елеулі қадам деуге болады. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін ұлттық санадан кейінгі маңызды орын алатын ұлттық мәдениет, әдебиет, өнер, музыкасы, салт-дәстүрі, тарихын қамтитын ұлттық құндылығымыз – ұлттық идеологияның негізі, ұлттық білімнің тірегі болғанда ғана тегеурінде ұлттық мемлекет құра алатынымыз айқын.

Әдебиеттер:

1 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1: – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.

2 Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Мазмұндама, 2023 ж. -360 б.

3 Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. -376 б.

4 Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 2003 ж.

5 Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым [Мәтін]: педагог, журналист, әдебиетші Н.Құлжанованың мұрасы / Н. Құлжанова. - Алматы: Рауан, 1993. -168 б.





ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ




ТУЛЕНДИЕВА АРАЙЛЫМ БОЛАТҚЫЗЫ
«Қазына kz» бөбекжай-
бақшасының әдіскері,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан ұлттық және рухани-адамгершілік құндылықтарды ұлықтайтын ұлттық тәрбиеге, халықтың педагогика бет бұрып, мұны бүгінгі білім берудің басым бағыттарына айналдырып отыр. Бұлай болуы заңдылық та, себебі қазіргі жаһандану заманында өркениеттер қақтығысына жұтылып кетпей, мәдениет көшіне ілесу үшін тегеурінді тұғыр болатын нәрсе – ұлттық тәрбие ғана. Өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары оның теориялық алғышарттарын жасап, ғылыми әдебиеттермен, зерттеу еңбектерімен негіздеп кеткен еді. XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының тәуелсіздік жолындағы күресі ағартушылық сипатта жалғасты. Бүкіл халыққа білім беру, сауатсыздықпен күресу, мектеп ашу, оларға бағдарламалар жасау, оқулықтар және сауатты мұғалім кадрлармен қамтамасыз ету, кітапханалар жасақтау, кәсіби және орта білім, жоғары оқу орындарын ашу күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселелер болатын. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының оқыту мен тәрбиелеу теориясын дамыту, ұлттық мектеп қалыптастыру туралы пікірін М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар белсенді түрде қолдап, ұлттық психология және педагогика саласында елеулі еңбектер жазып қалдырды.

Білім беру, ғылым және мәдениет саласында сан қырлы дарынымен көзге

түскен жазушы, журналист, ақын, ағартушы, қоғам қайраткері және педагог Міржақып Дулатов қоғамдық өмірдің барлық саласына араласты. М.Дулатов шығармашылығы халықтың санасын оятуға, білім алуға, ағартушылық талпынысын күшейтуге, ұлттық бірлікке шақыруға бағытталды. Мұндай насихат ақынның «Оян, қазақ!» «Насихат ғұмұмия», «Алаштың азаматымын» атты шығармаларында баяндалды. Педагог-ғалым ағарту саласында арнайы даму бағытын ұстану керек, білім алушыларды шығармашылықпен айналыстыру керек, олардың есте сақтау қабілетін, яғни жадын шыңдап, өз көзқарасын, ұстанымын нақтылауға көмектесу керек деген озық ойларын білдірді. Сондай-ақ, М.Дулатов оқыту мен тәрбие баланың ұлттық ерекшелігіне сай келуіне баса назар аударды. Сол себепті ана тілін, арифметиканы, еңбек, ән-күй және басқа пәндерді қазақ мектебінде оқытуда өзіндік психологиялық және әдістемелік ерекшеліктері болуы керек деп атап өтеді. Көрнекті педагог жеке пәндерді оқытуда халықтық педагогиканың барлық әдіс-тәсілдері мен халық ауыз әдебиеті үлгілерінен мысалдарды кеңінен пайдаланады. Мұғалімдерді мақал-мәтелдерді, ертегі, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды, ән-күй мен қолданбалы өнерді, халықтың салт-дәстүріне терең мән беруге шақырды. Мұның өзі жас ұрпақтың туған халқының мәдени мұрасымен еркін сусындап, ұлттық рухта тәрбиеленуіне үлес қосты. М.Дулатов халықтық мектептерді қолдады және онда міндетті түрде ана тілін үйретуге басымдық берді. Ол: «Ана тілінің материалдары ұлттың рухын, оның дәстүрі мен тұрмыс-салтын, мәдениетін бейнелеуі керек» [1], - деді. Ана тілінің тәрбиелік және білімдік мәнін көрсете отырып, рухани тәрбиенің негізі оқушыға етене таныс қоршаған ортамен, тұрмыспен тығыз байланысты болып, баланың ұлттық психологиясы мен табиғатын ескеруі тиіс деп санады. Сонымен бірге, ол жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру саласында құнды идеялар қалдырып, баланың тұлғалық дамуындағы халық өнерінің тәрбиелік мәніне баса назар аударды. Жастардың өнер үйренуіне, аспапта ойнауына басымдық беріп, оларды «сегіз қырлы, бір сырлы» болуға шақырды. М.Дулатов жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігі мен дербестігін





қалыптастыру мәселесін зерттеп, болашақта ел тізгінін ұстайтын жастардың тәрбиесіне жете мән берді. Рухани тәрбиенің іргетасы – қазақ халқының мәдени мұрасы екендігін баса айтты.

Рухани тәрбие саласында өзіндік көзқарасын білдірген педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов педагогикалық ұстанымында баланың шығармашылық қабілетін дамытуға, жеке пікірін қалыптастыруға, белсенділігіне ерекше көңіл бөледі. Ж.Аймауытовтың өмір жолы – өткен ғасырда жаңа дүниені іздеуге бағытталған педагогтің жаңашыл жолы. Өзгеше ойларымен ерекшеленетін педагог Ж.Аймауытов мыңдаған ғылыми зерттеулер мен оқулықтардың, көркем шығармалар мен педагогикалық оқу құралдарының авторы болды. Ж.Аймауытовтың ғылыми және көркем шығармашылығының қайталанбас ерекшеліктеріне логикасы мен жазу стилінің өзгешелігі, сөзінің өткірлігі мен сезім мен ойды жеткізудегі дәлдігі, көркем жазудағы айқындығы мен ұлттық нақыштағы айшықтығы жатады.

Тәрбиенің мақсат-міндетін тарихи тұрғыдан жан-жақты зерттеген Ж.Аймауытов: «Өмірге пайдасыз білімнің білім сәндігі жоқ. Олай болса, психология білімі де тәрбиеге пайда келтіретін болуы керек. Тәрбиенің түпкі мақсаты не деген сұрауға келсек, сарқып келгенде, тәрбиенің мақсаты – адамды маңайындағы табиғат төңірегіне, әлеумет төңірегіне ыңғайласуға ықпал беретін күш-құрал жасап беру» [2,56]. Автор мұнда білімнің функционалдығы, оны өмірге пайдалануға икемділігі туралы айтылып тұр.

Өткен ғасырдың басында-ақ өзекті тақырыпты көтеріп, тәрбиелеудің мақсаты «өзгеге көмек көрсетуге дайын тұратын, айналасындағы адамдарға зиян келтірмейтін, өзгелермен бір атадан туған ұлдардай өмір сүретін еркін адамды қалыптастыру» деп айқындаған Ж.Аймауытов рухани-адамгершілік тәрбиесін, эстетикалық және еңбек тәрбиесін насихаттайды. Сонымен бірге, қазақтың байлығы оның жеріндегі пайдалы қазбасында ғана емес, сонымен қатар оның киелі топырағында, қазақтың ішкі әлемінде деп санайды да, оған ұлттық музыка, әдебиет пен тілді жатқызады. Жастардың ұлттық тәрбиесінде ерекше орын алатын музыка

өнеріне ерекше тоқтала отырып, әрбір қазақтың борышы – музыка мен ән өнеріндегі жаңа бағыттарға дұрыс көңіл бөлу деп санайды. Педагог-ғалым еуропалық түсінікте қазақтар сауатсыз болып саналса да, сезім байлығымен ерекшеленетінін, «нәзік қимылының» айқын көрінісін музыка арқылы білдіре алатынын, «қазақтар материалдық мәдениет тұрғысынан артта болса да, ойлау, қиял, сезім, яғни рухани мәдениеті жағынан ешкімнен кем түспейді» [2], деп түйіндейді.

Ж.Аймауытов тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде мектеп өміріндегі ана тілін оқытуды бірінші орынға қояды. Ғалым пікірінше, ана тілі тәрбиелеудің негізі, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастырудың іргетасы. Байқап қарасақ, бүгінгі күнгі өзекті тақырыптарды автор өткен ғасырдың өзінде күн тәртібіне қоя білді, яғни тәрбиелеу үрдісіне кешенді көңіл бөлу, эстетикалық, адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесінің біртұтастығы, тәрбиенің халықтық мұраға негізделуі, әсіресе, музыка, ән, әдебиеттің, өнердің баланың тұлғалық қалыптасуына эстетикалық әсер етуі, білім мен тәрбие берудегі ана тілінің орны, оқыту мен тәрбиелеу саласындағы өзекті мәселелерді шешудегі мұғалімнің ұстанымы туралы құнды пікірлерін жазып қалдырды.

Ендігі мәселе – қазақ зиялыларының ұлттық танымға сай, заманауи педагогика негізінде жазылған психология, педагогика саласындағы әдістемелік еңбектерді қолданысқа енгізіп, тарихи тамырымызға жалғану болмақ. Байқап қарасақ, бұл еңбектерде сын тұрғысынан ойлау, тұлғаға бағдарланған оқыту, белсенді оқыту технологиясы секілді жаңашылдықтың бәрі тұнып тұр. Және оның бәрі қазақы менталитетке сай түсінікті тілмен, ұлт ұғымына сай ұғынықты мысалдармен жеткізілген. Ендеше, ол әдістемелік еңбектерді жаңаша зерделей отырып, бүгінгі тәжірибемізге енгізу, ұрпақ сабақтастығын жалғастыру – біздің міндет.

Әдебиеттер:

1 Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. - Алматы: Атамұра, 2003. -192 б.

2 Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Мазмұндама, 2023 ж. -360 б.



ИНТОНАЦИЯ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ТІЛІН ДАМУ



МЕНЛИБАЕВА ЛАЗЗАТ АСКАРОВНА
"Қазына kz" бөбекжай-
бақшасының педагог-психологы,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы

Интонация – сөйлеу үдерісі мен оның мағыналық тұтастығын беретін тілдік құбылыс. Сөйлеудің мелодика, ритм, темп, тембр, интенсивтілік, т.б. қосымша әрекеттері интонацияны құрайды. Тілдегі сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген адам ауызша қарым-қатынас барысында нық та таза сөз сазын қолдана алады. Және адамның жас ерекшелігіне қарамастан оның интонациясын үнемі жетілдіруге болады. Әсіресе, бұл үдерісті бала кезінен іске асырудың берері мол. Өйткені мектеп жасына дейінгі бала тілін дамытуда интонация тілдік емес амал ретінде маңызды қызмет атқарады. Мектеп жасына дейінгі баланың анық сөйлеуін интонация арқылы дамыту оның ойлау қабілеті мен жалпы психологиялық дамуына да оң әсерін тигізеді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың интонациясын дамытудың мүмкіндігі мол. Бала тілінің интонациялық анықтығы 5 жасқа келгенде толық қалыптасады. Ал 6-7 жасында дауыс ырғағын жоғары не төмен алу арқылы өз интонациясын басқаруға қабілетті болады. Бала тілінің интонациялық қырын жетілдіру мен дауыс ырғағын жоғары не төмен алу арқылы

сөйлеуді мазмұнына сай өзгерту логикалық екпінді, кідірісті, сөйлеудің шапшаңдығы мен ырғағын басқаруды, өзінің ойы мен көңіл-күйін, сезімін білдіре алу қабілетін дамытады.

Бала тілін интонация арқылы дамытуда баланың сөз сазын қабылдау дағдысын қалыптастыру өте маңызды. Бір жағынан, бұл қарым-қатынас барысында өзінен-өзі қалыптасатын қарапайым құбылыс болып көрінгенімен, интонация сөйлеудің маңызды бөлшегі ретінде күрделі жүйені құрайды. Мәселен, тілі анық шықпаған мектеп жасына дейінгі бала үшін өзгелердің сөзін түсініп, ұғынуға интонация тікелей себепкер болады. Интонацияны меңгеру – тілдің дыбыстық қырын меңгерудің негізгі талаптарының бірі. Сөйлеу үдерісінің интонациялық жағын дамытуда баладағы интонацияның жетілу деңгейіне талдау жасау керек. Зерттеу нәтижелері баладағы интонациялық құралдар олардың сөйлеу тілі қалыптасқанға дейін жетілетінін көрсетеді. Демек, баламен қарым-қатынас жасауда интонацияның маңызы зор.

Мектеп жасына дейінгі бала тілінің интонациялық қырын дамытуда ата-ананың үлесі мол. Бала тілінің дұрыс дамуы оның эмоциялық қырының да нәтижелі дамуына ықпал етеді. Сөйлеген сөздің интонацияға сай ерекше әуезділікпен, үйлесіммен айтылатыны туралы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Сағат шықшық еткенінің, тамыр бұлк-бұлк соққанының арасы да қандай бірдей болса, сөйлегендегі дауыс ырғақ-ырғағының арасы да сондай бірдей болады. Сүйтіп, дауыс ырғақ-ырғағы сөзді бірдей-бірдей буынға бөледі, сондықтан сөз табиғи негізде қамыс сияқты бунақ-бунақ буыны бар нәрсе болып шығады. Және де сөздің буындары бір қалыпқа құйып шығарған кірпіш сияқты бірдей деп білуіміз керек» [1,215].

Мектеп жасына дейінгі бала тілінің дамуы интонациядан бастау алады. Баланың сөздік қоры толысқанға дейін сөз мағынасын түсінбесе де, интонация арқылы сөздің негізгі мәнін түсіне алады. Ондағы «мағынаның өзегін» интонация, темп, дауыс тембрі, мелодика атқарады. Ғалымдардың дәлелдеуінше, бала сөз мағынасын толық





түсінгенге дейін ересектердің сөзін айтылу әуеніне қарай ұғына алады. Ал, эксперимент барысында бала анасының даусынан оның қай тілде сөйлегеніне қарамай бірден түсінетіні анықталған. Бұл жерде сөздің бірқалыпты әуенін сақтау маңызды. Және мектеп жасына дейінгі баланың есте сақтау қабілеті толық жетілгенде ғана олар ана тілінің интонациялық жүйесін меңгеруге қабілетті болады. Интонацияны тілдік емес амал ретінде пайдалана отырып, баланың эмоциялық күйін бақылауға және тілін жетілдіруге болады. Ал интонациялық әрекеттер арқылы адамның көңіл-күйі мен сезімін жеткізу дағдысы өмір бойы жалғасатын құбылыс.

Әрбір адам баламен қарым-қатынас жасағанда сөздің интонациясына баса назар аударғаны дұрыс. Себебі, бала ең әуелі, ересектер тіліндегі интонацияға мән береді. Мысалы, «Жарайсың!» сөзін балаға екі түрлі интонациямен айтуға болады. Бірі – баланың жетістігі үшін мақтау кезіндегі көтеріңкі дауыспен айтылатын қуанышты сөз болса, екіншісі – оның қателігі не бұзықтығын түсіндіру мақсатында айтылатын кекесінді мәнердегі сөз. Яғни, күнделікті өмірде баламен тілдескенде сөздің интонациялық мәніне көбірек көңіл бөлген жөн. Әдетте, өзара қарым-қатынас барысында интонациямен сөйлеуге мән береміз де, баламен сөйлескенде мұны ескере бермейміз. Сондықтан да, алдымен ата-ананың сөйлеу мәнері дұрыс қалыптасқаны маңызды. Себебі, ата-ана тіліндегі интонациялық ерекшеліктер бала тілінің сөз сазын жетілдіріп, болашақтағы қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, эмоциясын басқаруға да дұрыс әсер етеді. Интонация сөйлеудің маңызды бөлшектерін ажыратып, оның ақпараттық құрылымынан да көрініс береді, яғни:

- мектеп жасына дейінгі бала интонация арқылы сөйлем түрлерін ажырата алады (тек сұраулы сөйлемді қабылдауда қиындықтар болады);

- бала үшін интонация эмоцияны жеткізудің негізгі құралы;

- бала тілінің интонациялық жүйесінің алғышарттарын ата-анасы мен отбасы мүшелері қалыптастырады.


Ал, мектепке дейінгі ұйымда бұл қызметті тәрбиеші атқарады. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі» оқулығының авторы К.Метербаева бұл туралы: «Балабақшада тіл дамыту мүмкіндігі түгелімен тәрбиеші сөзінің сапасына байланысты, яғни үлгілі сөйлеу тілін меңгеру тәрбиешінің кәсіби даярлығының көрсеткіші болып табылады. Тәрбиеші алдымен сөйлеу мәдениетін меңгеруі қажет, ол тілдің барлық элементтерінің мағыналарын түсініп қана қоймай, оны әдеби тілді қалай қолдану керектігін үнемі есте сақтауы керек. Сондықтан тәрбиеші бейнелі сөздерді көп білсе, синонимдерді, антонимдерді жетік меңгереді. Топтағы балаларға тіл үйрету жеңілге түседі» [2,61]. Бала тілінің интонациялық қырын дамыту жұмыстары бірсарынды сөйлеу мәнерінен арылтып, оған эмоциялық реңк үстейді, балада қарым-қатынас дағдысының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай жұмыстарға дамытушы ойындар, өлең, тақпақ, жаңылтпаш жаттау, спектакль қойылымдарын ұйымдастырып, рөлдерді сомдау, т.б. жатады.

Бала тілінің интонациясын дамыту қазақ халқының ұлттық дүниетанымында ежелден бар құбылыс. Мысалы, бала бесікте жатқаннан-ақ оған әуезді бесік жырын айту, өсе келе мақал-мәтел, өлең жаттату, тіпті бұрындары үлкен кісілер 7-8 жасар балаларға көлемді жырларды, толғауларды үйретуі бала тілін жаттықтырумен қатар, оның сөйлеуіндегі интонациялық ерекшеліктерді де қалыптастырады. Ал жастайынан балаға тілдік тұрғыдан дұрыс тәрбие беру – оның алдағы өміріне де, тұлғалық даралануына да ерекше әсер ететін маңызды құбылыс.

Әдебиеттер:

1 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1: – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.

2 Метербаева К., Искакова А.: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Фолиант, 2017 ж. -184 б.





МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ ӘДІСТЕРІ



САТИМОВА АЛТЫНГҮЛ УЗБЕКБАЕВНА
"Қазына kz" бөбекжай-бақшасының
"Балапан" ортаңғы тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы

Тіл үйретудегі басты мақсат – білім алушының сөйлеу тілін жетілдіру. Ал сөйлесім әрекеті бір-бірімен тығыз байланысты оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым және тілдесім атты бес құрамдас бөліктің бірлігінен құралады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде аталған тілдік дағдыларды тиімді қолданып, сабақ мақсатына сай жұмсай білгенде ғана өнімді нәтижеге қол жеткіземіз. Сабақ мақсатына орай бұл дағдының бірі көп, бірі аз мөлшерде жұмсалғанымен, барлығын жүйелі түрде бір-бірімен байланыста қолдана білу маңызды. Бұлардың ішінде бәріне ортақ қолданылатын әмбебап әдістер де бар. Сөйлесім әрекетінің құрамдас бөліктерінің әрқайсысына сай жеке әдістерге тоқталып өтсек.

«Аз сөйле, көп тыңда, одан да көп ойлан» деген дана халқымыз баланың сөйлеу тілін дамыту оның тыңдау қабілетін жетілдіру арқылы жүзеге асатынына баса мән берген. Сол себептен де мектеп жасына дейінгі балаға жастайынан өлең, тақпақтар, санамақтар мен жаңылтпаш жаттатып, тілін сындыруға ден қойған. Бүгінгі балабақшадағы маңызды әдістің бірі – мәтіндер мен өлең, тақпақтарды балаға тыңдату әдісі. Бала ықылас қойып тыңдай

білуге дағдыланғанда ғана сөздің мәнін ұғып, жалпы мәтіннің мазмұнын саналы түрде қабылдауды үйренеді.

Балаға тыңдауға ұсынылған шығармалар оның жасына лайық болуы тиіс, тілі күрделі, сөзі түсініксіз мәтінді бала қабылдамайды. Сол себепті мектеп жасына дейінгі балаға мәтін таңдауда арнайы оқу бағдарламасындағы материалдарды ғана қолданған дұрыс. Мысалы, 3-4 жасар бала үшін С.Көбеевтің «Шал мен балалар», Ә.Ақпанбетұлының «Лақтар мен қасқыр», «Көкқұтан мен бақалар»; халық ертегілерінен «Түлкі мен ешкі», «Ат пен есек» секілді шығармаларды; ал 4-5 жастағы естияр тобына Ы.Алтынсаринның «Әке мен бала», А.Тоқмағамбетовтың «Аяз ата»; халық ертегілерінен «Түлкі мен қоян», «Қаз бен түлкі», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» секілді шығармаларды тыңдатқан жөн. 5-6 жастағы ересектер тобына С.Көбеевтің «Атасы мен немересі», Қ.Мырза Әлінің «Желім» атты шығармасы мен ауыз әдебиеті үлгілерінен «Түлкі мен бөдене», «Жан-жануарлардың дауласқаны», т.б. шығармаларды ұнтаспадан тыңдатуға болады. Жас ерекшелігіне қарай мазмұны ғана емес, танымдық мәні де күрделене түсетін мұндай шығармаларды тыңдау арқылы баланың сөйлеу уәжділігі қалыптаса бастайды. Мұның өзі баладағы сөздік қордың табиғи түрде дамуына ықпал етеді. Бұл туралы Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында былай дейді: «Балада құлық сезімдерінің бекуі, кеңеюі, тереңдеуі үшін балаға әдебиеттен, тарихтан өрнек әңгімелер сөйлеу һәм оқыту керек. Баланың алдында құлықтың әрбірі әдейі киініп өрнек күйінде ғана келсін. Өрнектен нәтижені бала өзі-ақ шығарып алады» [1,133]. Яғни, бала көркем шығарманы тыңдау арқылы тәлім алып, мінездегі міндермен танысады, сөздік қоры толысып, көп сөздердің дұрыс айтылуын үйренеді.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған мұндай әдістердің міндеті – сөз мағынасын дұрыс түсініп, оны орнымен дұрыс жұмсауға үйрету. Мектеп жасына дейінгі бала тілін дамытудағы тиімді әдістің бірі – түсіндіру әдісі. Ол әдіс балаға жаңа сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді түсіндіруде ұтымды қолданылады.





Бұл әрекет сабақ барысында жаңа сөздерді үйретудегі сөздік жұмысында іске асады. Мысалы, балаларға шығарманы оқып болғаннан кейін «Кім?» «Не?» деген сұрақтарға жауап беретін қандай сөздер айтылғанын сұрау олардың зейінін дамытады. Мұны оқылым және жазылым барысында пайдаланған ыңғайлы.

Сонымен бірге, «Кім күшті?» ойыны барысында балалар қойылған сұраққа тез әрі дұрыс жауап беру арқылы олардың тілдік ұғымдары мен логикалық ойы қатар дамиды. Ол үшін тәрбиеші алдын-ала жасалатын мәтіналды жұмыстарды мұқият жүргізіп, мектеп жасына дейінгі баланың ойына ол тақырыптар туралы білімдік ұғым орнықтыруы тиіс.

Тағы бір өнімді әдіс – сұрақ-жауап әдісі. Бұл тек мектепке дейінгі ұйымда емес, адамның жалпы танымын, ой-қиялы мен тілін дамытуда жиі қолданылатын әдістің бірі. Оны мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне қарай барлық тобында, ұйымдастырылған оқу-танымдық іс-әрекеттің барлық кезеңінде, оқу-тәрбие үдерісінің барлық түрінде пайдалануға болады. Кең таралған әрі тиімді саналатын сұрақ-жауап әдісін таңдауға қойылатын талаптар, өзіндік критерийлері бар. Мәселен, сұрақтың түсінікті болуы, баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сай болуы, сұрақтың қойылу жаңдаятының бала қабылдауына лайықтығы, күрделілік деңгейінің бала ұғымына сай келуі, қысқалығы мен нақтылығы, ашықтығы мен дәлдігі, т.б. ескеріліп, мектеп жасына дейінгі бала тілін дамыту үшін әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері негізге алынуы тиіс.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дайындалған сұрақтар және олардың бір-біріне сұрақ қоюын ұйымдастыру бала тілін тілдесім арқылы дамытудың тиімділігін көрсетеді. Бұл туралы К.Метербаева былай дейді: «Сұрақтарға жауап алу барысында олардың ойлау қабілеті дамиды. Ойдың жемісі – сөз. Бала сөз арқылы өз ойын сыртқа шығарады. Тіл мен ой тығыз бірлікте болғандықтан, байланыстырып сөйлеуді дұрыс қалыптастыру арқылы ойлауды да жетілдіруге мүмкіндік туады. Тілі дұрыс қалыптасқан бала басқаның да ойын тез

түсініп, өз ойын да жүйелі жеткізе алады. Сонымен қатар, тіл мен ойлау бір-бірімен байланыста екенін ұғады» [2,56].

Ал Н.Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мәселесін зерттей келіп, баланың нені үйрену керек екеніне ерекше тоқталады:

- сөйлеу, яғни сөз бен сөзді байланыстырып, өзінің ойын, талабын, көңіл сезімдерін басқаға жеткізу;

- ойлай білу, әр нәрсе туралы өз ойын айтып, сырттан алып, ойға тоқығанын салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, пікір шығару;

- ойға тоқығаны мен оған деген көзқарасын жарыққа шығару (ойын, сурет, әңгіме, т.б. арқылы);

- балаға сусындай керегінің бірі – сөйлеу. Түрлі білімнің түбірі, негізі баланың сөйлеуі, білуге құмарлығы деп тұжырымдаған [3].

Қорыта айтар болсақ, баланың сөйлеу тілін дамытуда сөйлесім дағдыларын тиімді пайдалану арқылы олардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, сөздік қорын байытамыз. Мұның өзі ел тірегі болатын болашақ жастарымыздың саналы да сауатты, өнегелі де үлгілі, адамгершілігі мол рухани жетілген тұлға, бәсекеге қабілетті шығармашыл болып қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1 Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. -376 б.

2 Метербаева К., Искакова А.: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Фолиант, 2017 ж. -184 б.

3 Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым [Мәтін]: педагог, журналист, әдебиетші Н.Құлжанованың мұрасы / Н. Құлжанова. - Алматы: Рауан, 1993. -168 б.





БІРТҰТАС ТӘРБИЕ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ҰЛТ САПАСЫН АРТТЫРУ



МАНИБАЕВА АЙГҰЛ ЕСИРКЕПОВНА
"Қазына kz" бөбекжай-бақшасының
"Қарлығаш" мектепалды даярлық
тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукент ауылы

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының ежелден келе жатқан елеулі міндеті, бар болып қалуының басты кепілі. Себебі, жас өркендей жетіліп келе жатқан бүгінгі буын – ертеңгі келешек, мемлекеттің басты тірегі. Ертеңгі ел тізгінін ұстайтын жас өреннің төл тарихы мен мәдениетін тұмардай қастерлеп, әдебиетін ардақтай алуы бүгінгі тәрбиенің, қазіргі қалыптасып жатқан ұлттық сананың деңгейіне тікелей тәуелді. Алапат ақпарат тасқыны судай сапырылысқан бүгінгі жаһандану заманында жас буынның ұлттық санасы қалай қалыптасып, қандай бағытқа бет алғаны өте маңызды.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайда: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек» [1], - дей отырып, әділетті Қазақстанды құруда маңызды өзгерістер мен ауқымды реформалар қажет екендігін баса айтқан болатын. Жаңа Қазақстанды құруда құндылық бағдарын жаңарту, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің ең жоғары құндылықтары – адам, оның өмірі,

құқығы мен бостандығы – маңызды міндеттер болып қалмақ. Осыған орай, Қазақстан Республикасы 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында патриотизм құндылықтарын дәріптеу – жалпыұлттық басымдық ретінде белгіленген. Терең білім мен еңбекқорлық, отаншылдық қасиет жаңа Қазақстан жастары терең түсінуі тиіс маңызды бағыт ретінде айқындалды. Тәуелсіздігіміздің тірегі, егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – аумақтық тұтастық, мемлекеттік тіл және береке-бірлігіміз – бүгінгі қоғамымыздың мызғымас құндылығы болып қала береді. Сол себепті бүгінгі жас буынның бойында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық сананы қалыптастыру – өзекті тақырып болып отыр.

Мұндай міндеттерді жүзеге асыруда 2023 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесе отырып «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар мен оны іске асыру жоспарын» қабылдады. Сол арқылы еліміздегі білім беру ұйымдарына біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді. Мұнда әрбір ұлттың даралығын дәріптейтін ұлттық құндылықтары – әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. секілді өзгеге ұқсамайтын қасиеттері дәріптеледі. Дәл осы ұлттық құндылықтарымыз төрге шығып, өзінің заңды орнына жайғасқанда ғана жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз қайта жанбақ.

Бұл бағдарлама әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүдде – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлға тәрбиелеуге негізделеді. Осыған орай, еліміздегі білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасына сай қайта қарастырылды. Мұнда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Ендігі ретте білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының жалпы мазмұны ұлттық мүдде, ар-ұят, талап секілді құндылықтарды қамтуы тиіс. Бағдарламаға сай елімізде рухани-адамгершілік құндылықтарды





ұлықтайтын ұлттық тәрбиеге, халықтың педагогикаға негізделген білім берудің басым бағыттары айқындалды. Қазіргі жаһандану заманында өркениеттер қақтығысына жұтылып кетпей, мәдениет көшіне ілесудегі тегеурінді тұғыр – ұлттық тәрбие болмақ. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек, тәрбиелі білім беруде тәлімді рух қажет. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиесін бойына жинаған білімді, парасатты ұрпақ тәрбиелеу – біздің борышымыз деп білемін» [2], - деген сөзі әлі де өзекті.

Қазіргі уақытта баланың тұлғалық дамуы мен мінезіне оң беретін төңірегі – біріншіден, отбасы болса, одан кейінгісі – мектепке дейінгі білім мен тәрбие беретін мекемелер екені даусыз. Өнер мен ғылымға негізделген білім нәрімен балабақшадан бастап сусындап өскен жас ұрпақ ата-ананың қамқорлығы мен махаббатына бөленіп, тәрбиешісінің ыстық ықыласы мен өнегелі тәлімін көріп, мұғалімнен білім, ғылым үйреніп, айналасындағы әлеуметтік ортадан қолдау мен сенімді сезініп қана толыққанды жетілген тұлға, абыройлы азамат болып қалыптасады. Себебі, бір баланың саналы да сау, білімді де тәрбиелі болып ержетуіне бүкіл қоғам болып бәріміз мүдделіміз, бәріміз жауаптымыз. Мемлекеттің болашағы, еліміздің тірегі болатын ұрпақ тәрбиелеу ісіне, мүмкін біріміздікі аз, біріміздікі көп болса да, бәріміз де бір кісідей үлес қосамыз. Өйткені, қоғамдық ортадағы, отбасындағы, білім беру мекемесіндегі ересектердің әрбір ісі – ұрпаққа үлгі екенін естен шығармауымыз керек. Баланың есте сақтау қабілеті көру арқылы қалыптасатынын ескерсек, олар ересектердің әрбір сөзінен, қимыл-әрекетінен өнеге көріп, бойына тоқиды. Баланың сәби санасы ол әрекеттердің жақсы-жаманын талдап, баға беретін деңгейде болмағандықтан тек жақсы үлгі, жағымды өнеге көрсетуге міндеттіміз. Бүлдіршіндерді жастайынан ғылым мен өнерге баулып, мәдениет пен әдебиетті насихаттап, театр, кинотеатр секілді мәдени

ортамен таныстыру арқылы олардың дүниетанымы мен талғамын, ой-санасын дамытып, пайым-парасат көкжиегін қалыптастыруға үлес қосамыз.

Ұлтымыздың асыл қазынасы мен құндылықтарын сақтап, қорғауға үйрету білім беру жүйесінің барлық деңгейінде, яғни балабақшадан басталып, жоғары оқу орындарына дейін үздіксіз түрде сабақтастықпен жүргізіледі. Ұлт ұстаздары ұсынған білім беру әдістемесі білім мен тәрбиені тең ұстап, баланың «көкірек көзін» ашып, «жүрек сезімдерін» қозғап, «ынта-ықыласын» ояту арқылы ұлттық құндылықтарды «санаға тоқып», «бойға сіңіру», «өмірлік дағдыға» айналдыруды көздейді. Мұнда шабыттандырушы педагогиканы, адамның рухани ішкі мүмкіндіктерін ашып, жүзеге асыру тәсілдерін басшылыққа алған жөн. Мәселен, Абайдың жүрекке жетіп, тамырды қуалайтын білім концепциясының мәнін түсініп, басымдық беру.

Осылайша, біртұтас тәрбие идеясын басшылыққа алу бүгінгі ұлттық білім беру жүйесіне жаңаша серпіліс, тың екпін береді. Себебі, ұлттық негізбен суарылған, ұлтымыздың таным-талғамына сай жазылған еңбектер ғана ұлт тәрбиесіне ұйытқы бола алады. Бүгінде еліміздің білім жүйесі дәл осы бағытта ұлттық тәрбиеге басымдық беруі, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауы – ел болашағына жасалған елеулі қадам деуге болады. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін ұлттық санадан кейінгі маңызды орын алатын ұлттық мәдениет, әдебиет, өнер, музыкасы, салт-дәстүрі, тарихын қамтитын ұлттық құндылығымыз – ұлттық идеологияның негізі, ұлттық білімнің тірегі болғанда ғана тегеурінде ұлттық мемлекет құра алатынымыз айқын.

Әдебиеттер:

1 Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. Қараша, 2023 ж. Түркістан.

2 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1: – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.





ТӨРБИЕШІ – БАЛА ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ТҰЛҒА



ДЖАППАРОВА АЙГҰЛ ЖАҢАБАЙҚЫЗЫ
"Қазына kz" бөбекжай-бақшасының
"Күншуақ" ересек тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы

Адамның тұлғалық дамуына ықпал ететін негізгі тұғырдың бірі – тіл. Тіл арқылы ғана адам өз ой-пікірін, сезімдерін жеткізе алады. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» [1], - дей отырып, оның тек адамға тән құбылыс екенін айтып өтеді. «Адамдық белгі» болғандықтан тіл арқылы қарым-қатынасқа түсу – тек адамның меншігі. Сонымен бірге, тіл – ұлттық мәдениеттің тірегі. Қай халықтың болмасын төл мәдениеті өз тілінде дамып жетіледі. Ана тілінде жазылған өнер туындысы мен әдебиет мұрасы – сол халықтың мәдени байлығы. Бұл туралы Х.Досмұхамедов былай дейді: «Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады» [2,25].

Адам өмірінде осыншалықты маңызды тілді үйрету баланың өмірге келген күнінен басталады. Ал мектепке дейінгі ұйымдарда тіл дамыту бойынша арнайы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдылықтары үйретіледі. Әдіскер-ғалым К.Метербаева балаға тіл үйретуде тәрбиешіге қойылатын талаптарды екіге бөліп көрсетеді: «Бірі – тілдің әдеби тіл нормасы бойынша білім беру, яғни балаға орфоэпиялық және орфографиялық

дағдыны меңгерту, екіншісі – сөздік қорын молайту, сөздерді дұрыс тіркестіріп, қолдануын игерту, яғни баланы әдеби тілі арқылы қарым-қатынасқа даярлау» [2,26]. Ал, Ш.Уақбаев баланың сөздік қорын молайтып, тілін дамыту – ұзақ та күрделі үдеріс екенін айтып өтеді: «Баланың сөздік қоры бірден байып, дамып кетпейді. Бұл – өте ұзақ күрделі үдеріс. Баланың неғұрлым сөздік қоры көп болып, ойлау қабілеті жақсы жетілсе, білімді терең де тез үйренеді». Яғни, бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы – лексикалық білімді игерту екенін атап өтеді және сөздік қорын молайту мәселесін тіл дамыту, әдеби тіл нормасында сөйлеу мәдениетімен қатар қояды [2,26].

Мектеп жасына дейінгі баланың ерекше қасиетінің бірі – олар өзінің төңірегіндегі адамдардың іс-әрекетіне еліктегіш, әсерленгіш келеді. Сол себепті де тәрбиешінің сөйлеу тілі мен сөздік қоры бала үшін үлгі, сауатты қарым-қатынастың негізі болып саналады. Бала есейе келе өмірлік тәжірибесі де молығып, ақыл-ойы дами түседі. Сол кезде өзі көріп бағдарлаған заттар мен құбылыстар туралы ұғымы кеңейіп, сөздік қоры да молая түседі.

Баланың өз ойын сауатты жеткізіп, басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білуі үшін, ең алдымен сөз әдебін үйренуі керек. Мектепке дейінгі ұйымдарда тығыз тілдік қарым-қатынас жасайтын тұлға тәрбиеші болғандықтан, оның тіл дамыту мүмкіндігі толықтай тәрбиеші тілінің сапасына тәуелді. Тәрбиеші мен баланың тілдік қатынасы – ұзақ уақытқа созылатын тілдік әрекет. Осындай ұзаққа созылған тілдік қатынаста тәрбиеші қатардағы сөйлесуші емес, ол – баланы әдеби тілге үйретуші, сөйлеу мәдениетін қалыптастырушы маман. Сол себепті, әрбір тәрбиеші өзінің әдеби тілде сөйлеу мәдениетін жетілдіруге міндетті. Бұл – оның кәсіби даярлығының көрсеткіші, адамгершілік және қоғамдық парызы деуге болады. Баланың есінде тәрбиешінің сөз мәнері, сөйлеу үлгісі берік сақталатын болғандықтан тәрбиеші әдеби тілді қалыптасқан дәстүр бойынша орфоэпия, орфография, грамматика, лексика, стилистика ережелеріне сай меңгеріп, мәдениетті сөйлей алуы тиіс. Сондықтан да тәрбиешінің сөйлеу тіліне мынадай талаптар қойылады:





- тәрбиешінің сөйлеу тілі көркем де таза болуы тиіс;

- тіл мәдениеті мен сөз әдебі бірден назар аудартатын болғандықтан тәрбиешінің сөйлеуі тілдік нормаға сай әдепті де мәдениетті болуы тиіс;

- мектеп жасына дейінгі баламен қатынас жасау үшін қарапайым құрылымды қысқа да нақты сөйлемдер пайдалануы тиіс;

- сөйлеу мазмұны бала тәжірибесі негізінде олардың қызығушылығы мен даму ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс;

- қарапайым да нақты айтылған сөйлем баланың назарын тез аударады;

- сөйлемнің ырғағын реттеп, интонацияға ерекше көңіл бөлуі керек;

- қажет кезде көтеріп не бәсеңдетіп, дауыс күшін реттеп отыруы қажет;

- сөйлемдер мәнерлі де әсерлі болуы тиіс;

- тәрбиеші әдіснамалық шеберлікті жете меңгеруі тиіс;

- әдеби нормаға тән емес, жеткіліксіз деңгейде құрылған сөйлемдермен бала тілін дамытуға болмайды.

Мектеп жасына дейінгі бала тілін қалыптастырып, дамытушы негізгі тұлға тәрбиеші болғандықтан, оның тілінде кемшілік болуы өте қауіпті әрі зиянды. Тәрбиеші тілі әдеби нормаға сай болмаған жағдайда оған тиісті шаралар қолданылады. Тәрбиеші тілінің жұтаңдығы мен сөйлеу мәдениетінің төмен деңгейі мына жағдайда анықталады:

- сөздің әдеби тілде қалыптасқан айтылу нормасын сақтамай сөйлеуі;

- сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырмай, үйлесімсіз, ретсіз сөйлеуі;

- сөздерді тура мағынасында қолданбауы, интонацияны сақтамауы;

- сөз ішінде бөгде сөздерді (жаргон, сленг, диалект) қолдануы;

- балаларға дөрекі түрде ұрсып, айқайлап, ақырып сөйлеуі;

- өте баяу не өте тез, түсініксіз сөйлеу секілді кемшіліктер де тәрбиеші тілінде кездеспегені жөн. Себебі, бала тәрбиеші сөзін қайталайды. Ұрсып, жекіп сөйлегеннен баланың көңілі қалып, тыңдамайтын болады. Сол себепті тәрбиеші мәдениетті де әдеби тілде сөйлей білгені дұрыс. Сөйлеу мәдениеті қалыптасып, әдеби тілі дамыған адам қай жерде қалай сөйлеу мәнерін де меңгереді, сөзін реттей біледі. Жақын, туыс адамдармен сөйлесу мен қоғамдық орында

сөйлеудің жөні бөлек, мұны әрбір тәрбиеші жақсы білуі тиіс. Мектеп жасына дейінгі бала үшін тәрбиеші белгілі бір мінез-құлық әдебін сақтай білетін тұлға. Оның сыпайылығы мен қарапайымдылығы, ескергіштігі, елгезектігі, мейірімділігі, қамқорлығы, өзін және өзгені сыйлай білу қабілеті сөзінен де, ісінен де көрініп тұрады. Сондай-ақ, баланың стилистикалық түсінігін жетілдіре білу де – тәрбиешінің міндеті. Осылайша, мектеп жасына дейінгі баланы сөйлеуге үйретудің тәрбиелік мәні зор.

Тәрбиеші өзінің тілі мен сөздік қорын үнемі жетілдіріп, тілдің грамматикалық құрылысының ерекшеліктерін терең меңгеріп, синонимдік, омонимдік қатарлардың мәнін ұғуы тиіс. Ұғып қана қоймай, әрбір тілдік бірлікті өз орнымен жұмсай білуі қажет. Сөйлеу мәдениетін жетілдіргісі келген тәрбиеші лексикалық, грамматикалық, фразеологиялық синонимдерді меңгеріп, тілдік қатынас барысында белсенді қолданады. Сонда ғана баланы байланыстырып сөйлеуге үйретіп, тіл байлығын дұрыс жұмсауды меңгертеді. Сөздің дұрыс айтылуын меңгерту де интонацияның маңызы зор. Мәселен, қуанышты, қайғыны, қорқынышты, салтанатты, мақұлдауды, ашу-ызаны, жылылықты білдіру үшін де сөйлеу қарқыны мен дауыс күшін қолданып, тілдің жұмсалымдық қызметін дұрыс пайдалана білген жөн. Мұнда көркем әдебиетті молынан оқи отырып, туған тілдің байлығын бойына сіңіріп, балаға құндылық дәнін жеткізуші дәнекер болуға болады. Қарапайым болып көрінгенімен тәрбиеші мамандығының өзіне тән қиындығы мен тұлға тәрбиелеудегі көзге көрінбес жауапкершілігі мол. Бұл – бәсекеге қабілетті маман болуда жүріп өтетін әрбір тәрбиешінің өмірлік сабаққа толы шеберлік мектебі деуге болады.

Әдебиеттер:

1 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1: – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.

2 Метербаева К., Искакова А.: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Фолиант, 2017 ж. -184 б.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ҚИМЫЛЫН ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ



**ИБРАГИМЖАНОВА МАНЗУРА
АБДУМАЖИТОВНА**


**"Қазына kz" бөбекжай-бақшасының дене
шынықтыру нұсқаушысы,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы**

Адам денінің сау болуы оның жеке басы үшін ғана маңызды емес, мемлекет үшін де бағалы болып саналады. Себебі, әлемдегі дамыған елдердің барлығында да елдің саулығы басты құндылық, елдегі саясаттың басым бағдары саналады. Әсіресе, елдің болашағы саналатын жас ұрпақтың сау болуы – сол мемлекеттің болашағының жарқын да кемел болуының кепілі деуге негіз бар. Денсаулығы мықты, шымыр да мығым, бәсекеге қабілетті ұрпақтың алатын асуы биік болатындығын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Қазіргі таңда әлем бойынша жас балалардың түрлі дертке шалдығуы кең етек алуда. Әрине, оған себептер өте көп. Соның бірі – дұрыс тамақтанбау мен дене қимылының аздығы. Баланы ерте жасынан дене қимыл-қозғалысын арттыратын ойын түрлеріне үйретудің маңызы зор. Еліміздің балабақшаларында дене шынықтыру сабағының балалардың денсаулығы үшін орны ерекше. Орыстың педагогы А.С.Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте зор маңызы бар нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да көбінесе сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер ең

алдымен ойын арқылы тәрбие алады» деген екен. Шындығында, бұл тәмсілдің астарында үлкен мән жатыр. Балалар ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойын арқылы өседі, дамиды, болашақ өмірге дайындайтын құрал. Оған қосымша, ойын баланы жігерлілікке, шыдамдылыққа және ұйымшыл болуға тәрбиелеп, ойлау қабілеттерін дамытады. Қазіргі балалардың қолында көбіне смартфон, планшет, одан қала берді теледидардағы ұзынсонар мультфильмдердің кесірінен күнұзақ бір орында тапжылмай отыруының арқасында көптеген ауруларға душар болып жатыр. Бала ойын арқылы өседі, дамиды. Ал, бір орында қимыл-қозғалыссыз отыра беру – бала дамуын физикалық тұрғыда тежеп қана қоймайды, ойлауына, сөйлеуіне де кері әсерін тигізетінін ғалымдар дәлелдеп отыр. Сондықтан да балабақша балаларының қимыл-қозғалыс ойындарына баулып, олардың жан жақты дамуына өз үлесімді қосып жүрмін.

Қимыл-қозғалыс ойындары – мектепке дейінгі балалардың ұнататын іс-әрекеттерінің бірі болып табылады. Мұндай ойын түрлері өсіп келе жатқан жас ағзаның жұмыс істеу қабілетін арттырады, көңіл-күйінің сергек болуына, тамаққа деген тәбетінің ашылуына, еңбекке деген құлшынысының артуына зор ықпал етеді. Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек те белсенді болуларына мүмкіндік береді. Ғалымдардың зерттеуінше әрдайым қимыл-қозғалыста болған баланың дее бұлшық еті жақсы дамып,қан айналу, тыныс алу жүйелерінің жұмысы жақсара түседі екен. Дене бітімі де түзу, әдемі болып өседі екен. Балабақша жасындағы балаларда жүргізілетін қимыл-қозғалыс ойындарының басты міндеті – өмірін қорғау, денсаулығын нығайту, қуанышқа бөлеу, көңіл-күйлерін көтеру, жылдам да епті болуға тәрбиелеу. Егер де балабақша жасындағы балаларды арналған қимыл-қозғалыс ойындарын тек көңіл көтеру үшін пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын түрін алсақ та, ол негізгі мақсатқа жұмсалуды керек, өйткені, ойын баланы дамыту үшін қажет.





Себебі, ойын бала бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап, білім дәнін бойға білдіртпей дарытады.


Қазақ халқының балаларға арналған ойын түрлері өте көп. Мысалы: «Шашбау салдым», «Ақсүйек», «Қуаласпақ», «Жүзік салдым»»Орамал», «Төрт тас», «Шекентас», «Ләңгі», «Аударыспақ», т.б. Бұл ойынтүрлерінің барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай түрлі қимыл-қозғалыс жасауға бағытталған. Аталмыш ойындардың негізгі ерекшелігі – ұтқырлық, ептілік және ұқыптылық, жақсы эмоция. Балалар бұл ойындарды аса ыждаһаттылықпен орындайды. Мұндай көңіл-күймен ойнаған балаға ойынның пайдасы өте жоғары болады. Эмоционалдық реңктегі ойындар мен жаттығулар кезінде балалардың жұмыс істеу қабілеттері, белсенділіктері, қимыл-қозғалыс үйренуге деген талаптары жоғары деңгейде көріне түседі. Ойын кезінде балалардың өз еркімен айналысуларын қолдау қажет. Ойын қимылдарын толық меңгерген баланың қызығушылығы артады. Балаларға ұнайтын ойындардағы қимылдардың бірнеше рет қайталануы оларды одан әрі жетілдіруге апараы және ойлау қабілеттерін, мінез- құлықтары, жігерлерін дамытады, тәртіпке үйретеді. Сондықтан да, балаларда қимыл-қозғалыс белсенділігіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру ата-аналар мен тәрбиешілердің өте маңызды және жауапты міндеті.

Іс-әрекет – даму мен денсаулық факторы. Баланы тәрбиелеу жан жақты жүргізіледі, дегенменн, жас ерекшелігіне сай тәрбиелеу аспектілерінің арасындағы қатынас олардың сан алуандығына байланысты болып келеді. Баланың қимыл-қозғалысы оның ағзасының өсуі мен анықтайтын, өмір сүруіне ең қажетті фактордың бірі. Қимыл-қозғалыс өмірсүрудің маңызды шарты болғандықтан өсіп келе жатқан жас организм биологиялық қимыл-қозғалыс қажеттігінің маңызы арта түседі. Себебі, қимыл-қозғалысты іс-әрекеттер баланың биологиялық дамуын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар, дағдылану механизмдерін де қалыптастырушы фактор болып табылады. Қимыл-қозғалысқа жиі түсетін, дағдыланған баланың орталық жүйке жүйесінің, бұлшық еттерінің дамуы жақсарады, зат алмасу

процесі жақсарады, сөйлеу қабілеті дұрыс қалыптасады.

Балалар ертерек жүріп кетсе, оның сөйлеуі де тезірек қалыптасады., мектеп жасына дейінгі кезеңде іс-әрекет қимылдары жақсы қалыптаса бастайды, еңбек дағдылары да жеңіл дамиды.

Біз өмір сүріп отырған заман «білім мен технологияның қарыштап дамыған заманы» болғандықтан қазіргі таңда қоғамға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан жақты мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу мемлекеттің алға қойған аса маңызды міндеттерінің бірі. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің білім мен тәрбие бұлағынан сусындайды. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өелелі тәрбие алуына балабақшаның маңызы зор. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан да балабақшадағы дене тәрбиешісі нұсқаушысы ретіндегі басты міндетім – жас бала ағзасының қызметін дұрыс жетілдіру, қабілетін арттыру. Өз сабағыма бөлінген уақытты тиімді қолдана отырып, үнемі балалардың бұлшық еттерін қатайтып, жүрек қан тамыр жүйесінің дұрыс жетілуіне, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап отырамын.





ӘЛЕМДЕ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕН АСҚАН ИГІ ІС ЖОҚ...



САЛЫБЕК ГАУХАР ҚАДЫРБЕКҚЫЗЫ
"Қазына kz" бөбекжай-бақшасының
«Айгөлек» ортаңғы тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы


Ең жақсы педагогикалық жүйенің өзінде отбасына орын болмаса, толық нәтиже бере алмайды. Бала отбасы жүйесінен тыс өмір сүре алмайды. Егер мектепке дейінгі мекемелер мен ата-аналар бір-біріне жабық болса, бала екі байланыссыз жүйенің арасында қалады. Сондықтан, қақтығыстар, түсінбеушіліктер, және белгісіздік болады. Бұған жол бермеу үшін, бұл екі жүйе өзара әрекеттесу үшін, бір-біріне ашық байланыста болуы керек. Мемлекеттің отбасы тәрбиесінің артықшылықтарын белгілеуі отбасылар мен мектепке дейінгі мекемелерді бірлесіп әрекет етуге ынталандырады және әлеуметтік серіктестік ретінде қалыптасады. Мектепке дейінгі мекеменің оқу тәрбие процесін жүзеге асыруға отбасыларды тарту саласын жетілдіру - тәрбие мен оқытуға бағытталған балабақшаның өнімді қызметін арттыру әдісі. Бұл балалардың-мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуын көздейтін әлеуметтік серіктестік. Педагогтар мен тәрбиеленушілер отбасыларының өзара әрекеттесу қажеттілігі әлеуметтік ортаның шақыруы болып табылады, өйткені ата-ана мен мектепке дейінгі мекеменің өзара әрекетінсіз баланы тәрбиелеу мүмкін емес. Сонымен, ата-ана алғашқы педагогтар. Олар баланың жеке басының физикалық, адамгершілік және интеллектуалды дамуына негіз қалауға міндетті екенін жақсы білеміз.

Әрбір мектепке дейінгі білім беру мекемесі баланы тәрбиелеп қана қоймай, ата-аналарға балаларды тәрбиелеу туралы кеңес береді, бұл мәселеде ата-аналардың тең құқылы серіктесі болып табылады. Ата-аналармен қарым-қатынас танысудан басталады. Педагог үнемі ата-аналармен жеке байланыс орнатып, ақпарат алмасады. Ата-аналарға педагогикалық көмек, әр отбасын, әр баланы мұқият және жан-жақты зерттеуге негізделуі керек, содан кейін ата-аналармен жұмыс нақты, тиімді сипатқа ие болады, ата-аналар мен тәрбиешілердің өзара түсіністігі мен қызығушылығына ықпал етеді. Тәрбиешінің ата-аналармен жұмысының мақсаты: олар біртұтас білім кеңістігіне тарту; онда түрлі кездесулер, мерекелер, ата-аналардың қатысуымен ойын-сауық өткізуде байланыс жасаған сайын қарым-қатынас күшейе түседі. Ата-аналармен бірлесіп ұйымдастырылған және өткізілген кез-келген іс-шара оларға тәрбиешілер кезіктіретін барлық қиындықтарды іштен сезуге және біздің жұмысымызға деген көзқарастарын сәл де болса қайта қарауға мүмкіндік береді.

Ата-аналар жиналысы (дәстүрлі емес түрі), ашық есік күндері, тренинг сабақтары, шеберлік сыныптары, рөлдік ойындар, дөңгелек үстелдер, конференциялар көрмелер ұйымдастыру, отбасылық педагогикалық жобалар, конкурстар, сауалнамалар, тестілеу, бірлескен экскурсиялар және т.б. Көрнекі және ақпараттық - балалар шығармаларының көрмелері, музыкалық поэтикалық бұрыштар, ата-аналарға арналған кітапхана, жадынамалар, буклеттер, интернет журналдар шығару, электрондық почта арқылы хат алмасуды ұйымдастыру. Ата-аналармен жеке жұмыс маңызды буыны-отбасылық сапарлар. Бұл тәрбиешіге баланың өмір сүретін жағдайларымен, үйдегі жалпы атмосферамен танысуға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде тәрбиеші ата-аналарға неғұрлым ақпараттандырылған ұсыныстар бере алады, балабақшада және үйде балаға әсер етудің бірыңғай жолын құрудың оңтайлы әдістерін таба алады.

Тәрбиешілер мен балаларды, балалармен ата-аналардың бірлескен бос уақытын жақындастыратын жұмыс түрлерін жоспарлау арқылы ата-аналармен пікір алмасу, алдағы мереке туралы практикалық кеңестер, сценари жасауға көмектесу, поэзия, ән, би үйрену, рөлде жұмыс жасау, бөлмені безендіруге, мерекелік





костюмдер тігу, тосын сыйлар мен сыйлықтар жасау осыларды дайындау кезінде ата-аналарды барлық іс-шараларға қатыстыруға болады.

Бұл тәсіл ата-аналар, балалар мен тәрбиешілер арасындағы шығармашылық ынтымақтастықты ынталандырады, олардың арасындағы иеліктен шығаруды жояды, бірлескен жұмыстың сәттілігіне сенімділік туғызады және көптеген мәселелерді шешеді. Демалыс ересектерге де ойнауға мүмкүндік береді. Балабақшадағы және үйдегі ата-ана қоғамдастығының мүдделерінің, іс-әрекеттерінің жалпы өрісі қалыптасады. Осылайша отбасымен ынтымақтастыққа дайындалып, жұмыс формалары мен әдістерін нақты ойластырып, оларды қойылған міндеттерге, өзара әрекеттесудің болашақ серіктестерінің сипаттамаларына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

Балаларды тәрбиелеудегі проблемаларды бөлісуге бәрі бірдей дайын емес; белгілі бір жағдайларды талқылау кезінде ата-аналар арасындатөмен белсенділік байқалады. Мұның себептері педагогикалық білімнің жеткіліксіздігі, қарым-қатынасқа бос

уақытының болмауы және балаларына қамқорлық жасағысы келмеуі болып табылады. Ең жақсы педагогикалық жүйенің өзінде отбасына орын болмаса, толық нәтежие бере алмайды. Бала отбасы жүйесінен тыс өмір сүре алмайды. Егер мектепке дейінгі мен ата-аналар бір-біріне жабық болса, бала екі байланыссыз жүйенің ортасында қалады. Бұған жол бермеу үшін екі жүйе өзара әрекеттесу үшін бір-біріне ашық болу керек. Тек осы жағдайда ғана баланың таланты мен қабілетін ашуға көмектесетін жағдай жасауға болады, сонда ғана бала сау, бақытты болып өседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсембекова А. Қазақтың халықтық педагогикасы арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. // Хабаршы. - 2005. - №3. - Б.111-114.

2. Қалиев С. Ежелден қастерлеген ізгі қасиеттер. // Отбасы және балабақша. - 2002. - №1. - Б.1-3.

3. Қожагельдинова С. Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед. ғыл. канд. дисс. автореф. - Алматы, 2006. - Б.5-25.





МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ТІЛІНІҢ АКТИВТІ ЖӘНЕ ПАССИВТІ СӨЗДІК ҚОРЫ



САКИБЕКОВА БОТАГӨЗ ТАШПУЛАТҚЫЗЫ
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасының
"Еркетай" кіші тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы

Сөз – тілдегі ұғым мен түсінікті білдіретін негізгі лексикалық бірлік. Мектеп жасына дейінгі бала тілін дамытуда сөздің өзіндік мағынасы мен дыбыстық таңбасы, морфологиялық құрылысы секілді тілдік ерекшеліктер ескерілуі тиіс. Баланың сөздік қорын дамыту – сөз санын арттырып, жаңа сөздермен толығын; игерген сөздік қордың сапасын арттыруды, балаға белгілі бір сөздерді пайдалану мен олардың лексикалық мағынасын ұғындыруды; әдеби емес сөздерді әдеби тіл нормасына ауыстыра білуді; баланың активті, яғни белсенді сөздігі мен пассивті, яғни сөйлеуде сирек қолданатын сөздерінің арақатынасын анықтап, белсенді лексикасын дамытуды мақсат етеді.

Бала тілінде белсенді де жиі қолданылатын сөздер – оның сөздік құрамына енген, өзі ұғымын игерген сөздерінің жиынтығы. Олар баланың сөйлеуінде жиі қолданылып, тіркеске де түсетін, сөзжасамдық қасиеті жоғары сөздер. Мұндай сөздер тілдің қатысымдық қызметінде де өте маңызды. Ал, сирек қолданылатын сөздер – сөздік қордың құрамдас бөлігі болғанымен белгілі бір ерекшеліктері арқылы қолданыста шектеледі. Мәселен:

- шындық құбылысты белгілеуде сирек қолданылатын сөздер: тарихи сөздер, көнерген сөздер, терминдер, жалқы есімдер, т.б.

- белгілі бір сала мамандарына таныс сөздер (неологизм, кәсіби сөздер);
- тілдің функционалдық стильдерінде ғана қолданылатын сөздер.

Ал, мектеп жасына дейінгі бала тілінің активті және пассивті сөздік қоры деп шартты түрде жіктеуге болады. Себебі, олар бір-бірімен тығыз мағыналық байланыста болып, пассив сөздер актив сөздердің негізі болып саналады.

Баланың сөздік қорын дамытудың негізгі көздері: қатарластарымен және ересек адамдармен қарым-қатынасы; тәрбиешінің сөзі; ұйымдастырылған іс-әрекет; радио, магнитофон жазбаларын тыңдау; теледидардан хабарлар мен мультфильмдер, театр қойылымдарын көру; мұражай, көрмелерге жиі бару; компьютермен жұмыс, т.б. Мұндай әрекеттер көру, тыңдау, бір мезгілде көріп-тыңдау секілді түрлі мақсатта қабылданады. Сондықтан мұндай тіл үйренудің көздері тәрбиеші тарапынан басқарылатын және ішінара басқарылатын болып бөлінеді. Басқарылатын әрекеттер – тәрбиешінің сөзі, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті болса, ішінара басқарылатындар – тыңдау, адамдармен қарым-қатынас және теледидар көру мен радио тыңдау.

Мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қорын байытуда сөз мағынасын түсіндіріп, оны балалар күнделікті өмірде жиі пайдалануы үшін арнайы жаттығулар жүйесі жасалады. Мұнда мектепке дейінгі ұйымдарда балаға қандай, қанша сөз үйрету керек, қандай жаттығулар жүйесі мен қандай әдістерді қолдану керек екендігі олардың жас ерекшелігі мен психикалық қабілетін, сана-сезімін ескере отырып, сөздік қорын молайту бойынша лексикалық минимумды бекіту арқылы шешіледі.

Адамдардың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын актив сөздері мен сирек қолданылатын пассив сөздері болатыны секілді бала тілінде де осындай ерекшелік кездеседі. Бала тілінің актив қорына өзі тұрған жерінің ерекшелігі, ата-анасының кәсібі де әсер етеді. Мәселен, жер үйде тұратын баланың сөздік қорында шаруашылыққа қатысты сөздер жиі кездеседі. Әрбір тәрбиеші өз тобындағы баланың сөздік қорын дамытуда олардың төңірегіндегі жандардың тіл ерекшелігіне жете мән беруі керек.

Ал, пассив сөздерге бала мағынасын түсінгенімен сөйлеу барысында өз бетімен пайдаланбайтын сөздерді жатқызамыз.





Ғалымдардың зерттеуінше, бала тілінде пассив сөздердің саны актив сөздерден көп. Бала тіліндегі пассив сөздерді активтендіру өте күрделі жұмыс. Өйткені, оларды күнделікті тұрмыста жиі пайдалануға дағдыландыру үшін балаға сөздердің мағынасын ажыратып, айырмашылықтарын түсіндіру керек. Сол себепті тәрбиеші сөздік жұмысын жүргізуде мына қағидаларға сүйенеді:

- жаңа сөздер балаға төңірегімен таныстыру барысында үйретілуі тиіс;

- сөздік қорды молайту психикалық, адамгершілік қасиеттерді дамытады;

- сөздік жұмысы жүйелілікпен, бірізділікпен жүргізілсе, нәтижелі болады.

Яғни, пассив сөздік қор қатысым әрекетінде сөздерді түсіну барысында пайда болса, актив сөздік қор – сол жинақталған сөздер көмегімен өз ой-пікірі мен сезімдерін жеткізуде қолданылатын сөздердің жиынтығы. Пассив сөздік қордың пайда болуының негізгі себептер мыналар:

- қатысым әрекетінде сөздің жеке тұрғандағы мағынасын түсінгенімен, мәтіндегі ой-пікірді дұрыс түсінбеуі. Мәселен, балалар «Әке деген салмақты» деген сөйлемдегі «салмақты» сөзін «ауыр» сөзі ретінде қабылдайды да, оның ауыспалы мәнін ұқпайды. Сол себепті, балалар мағынасын толық түсінбеген сөздерін сөйлеу барысында қолданбайды.

- қатысым әрекетінде кейбір сөздің жеке мағынасын түсінбей, оның мәнмәтіндегі мағынасын ғана түсінеді. Мәселен, балалар өлең жолындағы «Ана деген ардақты» деген сөйлемдегі «ардақты» сөзін «жақсы» деген тар мағынада ұғынады. Мұның өзі сөздердің актив қорға қосылмауына ықпал етеді. Сөздерді бір-бірімен тіркестіре алмайды немесе қате тіркестер жасайды. Мысалы, «бала» сөзімен тіркеспейтін «сиырдың баласы», «иттің баласы» деу арқылы «бұзау», «күшік» сөздерінің қолданысын шектеп, оларды пассив қорға қосып жібереді.

- сөздердің бала санасында ұғымға айналмауы, бұл бала өзі естіген, оқыған сөздерінің синоним, антонимдерін таба алмауынан келіп шығады. Салдарынан оқыған, естіген сөздері пассив сөздік қордың санын арттырады.

Баланың актив сөздігін арттыру үшін олардың дұрыс қалыптасу белгілерін дамытуымыз керек: қатысым әрекетінде сөздің жеке тұрғандағы мағынасын дұрыс

түсінуі; қатысым әрекетінде сөздердің басқа сөздермен тіркескендегі ауыспалы мағынасын дұрыс түсінуі; баланың тыңдаған, естіген сөздерінің мағынасын синоним, антоним, омонимдер арқылы жете түсініп, сөзді ұғымға айналдыра алуы; сөзді басқа сөздермен мағыналық реңкіне қарай дұрыс тіркестіре алуы; сөзді қатысым әрекетінде дұрыс та, орынды қолдануы.

Осылайша, сөздік қордағы әрбір сөзді қатысым әрекетінде дұрыс пайдалану үшін баланың сөйлеу қабілеті болуы керек. К.Метербаева: «Сөйлеу қабілеттері – адамның өзінің сөздік қорындағы сөздерді мағыналарына қарай іріктеп, оларды басқа сөздермен орынды тіркесіп, өз ойын дұрыс, толық жеткізе алу қасиеті. Балалардың сөйлеу қабілеттері мектепке дейін қалыптасатын болғандықтан, мектептің жұмысы осы сөйлеу қабілеттерін одан әрі жетілдіру болып саналады» [1,75], - деп түсіндіреді. Демек, мектепке дейінгі кезең – баланың сөйлеу қабілеті дұрыс қалыптасып, сөздік қорын молайтудың ең өнімді кезеңі. Ал, сөздік қорды толықтыруда лексикалық біліммен қаруланып, балада тілдік дағдылардың дұрыс қалыптасуына ықпал етуіміз керек. Ол үшін М.Жұмабаев айтқандай: «Балада құлық сезімдерінің бекуі, кеңеюі, тереңдеуі үшін балаға әдебиеттен, тарихтан өрнек әңгімелер сөйлеу һәм оқыту керек» [2,133]. Сонда ғана ана тілінің маржандарымен қанып сусындаған, тілі бай, сөзге шешен, әдепті де тәрбиелі, білімді де саналы ұрпақ қалыптастырамыз.

Әдебиеттер:

1 Метербаева К., Искакова А.: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Фолиант, 2017 ж. -184 б.

2 Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2013. -376 б.



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУЫ



АСЫЛБАЕВА ИНДИРА АСКАРОВНА
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасының
«Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы

Тіліміздің сөздік құрамы – қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан бай мұра. Ол – халықтың басынан өткен қилы тағдырының айнасы, тарихының тірі куәсі. Себебі, замана ағымындағы әрбір кезең өзінің ізін халықтың тілінде қалдырады. Сол себепті де, сөз – өте күрделі құбылыс. Оны дамыту, тәрбиелеу – мектепке дейінгі ұйым ұжымы мен тәрбиешіге жүктелер өте маңызды міндет.

Мектеп жасына дейінгі бала тілінің ерекшелігі туралы «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі» оқулығының авторы, әдіскер-ғалым К.Метербаева былай дейді: «Мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың тағы бір ерекшелігі – олар, көбінесе, сөзді өзіне қаратып айтады. Яғни бала кейде өзімен-өзі сөйлесіп отырады. Сөйлеудің бұл түрін Ж.Пиаже эгоцентрлік сөйлеу деп атаған. Әдетте, ересектер ойлау үдерісін іштей сөйлеу нәтижесінде іске асырады. Іштей сөйлеу мектеп жасына дейінгі балаларда әлі қалыптаспағандықтан, өз ойын өзіне естіртіп айтады. Демек, эгоцентрлік сөйлеу – өзгеге арналмай, өзіне бағытталған ойды жеткізудің ерекше түрі. Бала ойлау үдерісінің жүзеге асуы үшін белгілі сөзді тірек ретінде пайдаланады. Әйтпесе, оның ойлауы мүмкін емес» [1,67], - дей келіп, іштей сөйлеудің ойдың дамуына әсер ететінін айтып өтеді.

Балада іштей сөйлеу қалыптаспағандықтан, өз ойын жеке сөз түрінде естіртіп айтады. Яғни, эгоцентрлік

сөйлеу басқа біреумен қатынас емес, өз ойын өзіне жеткізуі болып шығады. Ж.Пиаже эгоцентрлік сөйлеу балада 7 жасқа дейін сақталып, кейін мүлдем жоғалып кетеді десе, Л.С.Выготский оның жоғалып кетпей, іштей сөйлеуге айналатынын дәлелдеп шығады. Оның пікірінше, сырттай сөйлеу іштей сөйлеу нәтижесінде қалыптасып, эгоцентрлік сөйлеу бұл екеуінің арасын ұштастырып тұратын дәнекер ретінде қызмет атқарады. Ал, М.Мұқановтың пікірінше, мектеп жасына дейінгі балада іштей сөйлеу болмайды, тек сырттай сөйлеу түрін ғана пайдалануға қабілетті. Бұдан шығатын қорытынды, мектепке дейінгі балалар сырттай сөйлеуді меңгеріп, интериозация үдерісі (сыртқы сөйлеудің ішкі сөйлеуге айналуы) қалыптасу кезеңінен өтеді. Бұл үдерістің барлығы балабақша қабырғасында өтетін болғандықтан, балаға ұғым мен сөз мағынасын игерту өте маңызды [1,68].

Қазақ тілінде жазылған алғашқы «Психология» оқулығының авторы, Алаш қайраткері, жазушы Ж.Аймауытов сөйлеу туралы: «Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әртүрлі шығаратын болған» [2,218], - дей келіп, алғашқы адамдардың әрекеті соқыр сезім билеген еріксіз қозғалыс, одан кейін түрлі көңіл-күйін білдіру үшін айқайлап дыбыс шығару, кейін түрлі табиғат құбылыстарына еліктеп дыбыс шығару арқылы бірте-бірте бүгінгі сөйлеуге дейін дамып жетілгенін айтып өтеді.

Сол секілді дүниеге жаңа келген нәресте де өзіндік күш-қабілетімен тілді үйренеді. Баланың жеке қабілеті мен мінез-құлқын, тілін көбіне әлеуметтік орта, отбасы жағдайы қалыптастырады. 11-12 ай толғанда нәрестенің тілі шыға бастайды. Алғашында төңірегіндегі заттар мен жан-жануардың шығарған дыбысына еліктейді. Өзі сөйлей білмесе де, ересектердің сөзін түсінеді. Яғни, өзгелердің сөзін түсіну баланың сөйлеуінен бұрын пайда болады. Ғалымдардың зерттеуінше, нәресте өзінің жымыюы, күлкісі, қозғалыс реакциясы арқылы айналасындағы адамдармен ерте қарым-қатынас жасауға талпынады. Бір жасқа толған сәби түрлі қимыл, белгілер, дыбыстар немесе жеке сөздер арқылы ата-анасы, ортасымен қарым-қатынас жасағысы келетінін байқатады. Бұл туралы Ж.Аймауытов: «Бала тілі шықпай тұрып ойлайды, ойлағаны емес пе, өз үйінің кісілеріне





жымияды, бөтен кісі көрсе, қорқып жылайды. Ендеше балада іліктестік, жаңғырту, есіне түсіру бар болу керек, тілі жоқ болса да ойлау болуы керек» [2,216], - деген пікірді айтып өтеді.

Бір жарым жастағы бөбек 200-дей сөз біледі. Осы уақыттан бастап өзі білетін сөздерден сөйлем құрауға талпынады. Игерген сөздік қоры бойынша бала 1000-ға тарта сөйлем құрастыруға қабілетті болады. Үш жастағы бала 200-300 сөз біледі. Бұл жастағы балалар ересектер секілді сөйлем құрап, тіпті ана тілінде кездеспейтін жаңа сөйлемдер құрай бастайды. Мұның себебі жас бала қандай сөздерді айтуға болатынын не айтуға болмайтынын білмейді. Жеке тәжірибесі болмағандықтан сөйлем құрауда көптеген қателіктерге жол береді. Үш жасар баланың сөздік қоры тез молайып, 400-600-ге дейін жетеді. Төрт жасар баланың сөздік қоры екі есеге көбейіп, бес жаста 1500-2000 сөзді біледі. Осылайша, 5-6 жасар бала тек отбасында ғана емес, белгілі бір ортада қарым-қатынас жасай бастайды да, нәтижесінде сөздік қоры үш есеге артады. Яғни, 3200-3800-дей сөзді меңгереді. Және үлкендердің сөйлеу әрекетіне еліктей отырып, жаңа сөйлемде құрастыруды да үйренеді. Бұдан мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қоры сан жағынан да, сапа жағынан арта бастағаны көрінеді. Оған қоршаған ортасының кеңеюі, психикалық қабілетінің жетілуі де себеп болады. К.Метербаева өз еңбегінде ғалымдардың пікірін ескере отырып, сөздік қорындағы сөздердің бала психикасына әсер етуі мен оларды қолдана білу ерекшеліктерінің мынадай кезеңдерін бөліп көрсетеді:

Алғашқы кезең – баланың сөздік қорында алғашқы сөздің пайда болып, оны өзі айтқан кезі. Бұл кезеңдегі сөздер баланың жалпы психикалық дамуына байланысты болады. Баланың алғашқы сөздері, көбінесе, туыстық атаулар болады (ата, апа, папа, мама, т.б.) және күнделікті тұрмысты жиі ұшырасатын сөздер болады. Бұл кезде бала сөздің мағынасын анық түсінбей, еліктеу негізінде қайталайды. Сонымен бірге, бала түрлі нәрселерді біріктіріп, бір ғана атаумен атайды (үлкен ер адамның бәрін «папа» деп атауы, т.б.) және мұндай ассоциацияны психологтар «шартты рефлектор» деп атайды.

Екінші кезең – баланың сөздік қорындағы сөздердің оның күнделікті өмірімен байланысты болуы. Сөздер арқылы бала

тұтастай бір сөйлемді немесе бір сөзбен көп ұғымды бере алады. Мұнда алғашқы кезеңдегі бір сөзбен бірнеше ұқсас емес аттарды, құбылыстарды біріктіруінен бөлек, балалар өздеріне таныс жағдайларға қарай сөздерді жалпылауыштық қызметте қолданады («орындық» деп айту арқылы тамақ жегісі келетінін білдіреді, т.б.).

Үшінші кезең – баланың сөздік қорына зат есімдердің, сын есімдердің, етістіктердің қосылып, жай сөйлем құрай алу кезеңі. Бала ойын жеткізуде «сөз-сөйлем», «сөз еліктеуді» ғана емес, сөйлем құрастыруымен де ерекшеленеді.

Төртінші кезең – балалардың мектепке дейінгі кезеңі. Бұл кезеңде баланың сөздік қорында барлық сөз табы кездеседі және сөздік қоры белсенді түрде дамиды. Ол түрлі ақпарат құралдары, тілдік қатынас арқылы іске асады.

Бесінші кезең – баланың мектептегі кезеңі. Мектептегі баланың сөздік қоры жүйелі түрде қадағалаумен, яғни оқыту арқылы жоспарлы түрде дамиды.

Осылайша, мектепке дейінгі кезеңде сөздік жұмыстары арқылы балаға жаңа сөздерді үйретіп, олардың белсенді сөздік қорын толықтырамыз. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қорын дамыту олардың төңірегіндегі қоршаған ортамен қатар жүргенде ғана нәтижелі болады. Балабақшадағы әрбір тәрбиеленушіні өмірге бейімдеп, айналадағы тіршілікпен таныстыра отырып, олардың сөздік қорын байытамыз. Ол үшін әрбір тәрбиешінің тілі көркем, әдеби тіл нормасына сай, интонациясы қойылған, сөздік қоры мол болуы міндетті екені айқын. Мұның өзі тәрбиеші мамандығына артылар орасан жауапкершіліктің көрінісі ретінде кәсіби шеберлікті талап етеді.

Әдебиеттер:

1 Метербаева К., Искакова А.: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Фолиант, 2017 ж. -184 б.

2 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: «Мазмұндама» баспасы, 2023. -360 б.



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ



АБДРАЗАКОВА ДИЛНОРА

**"Қазына kz" бөбекжай-бақшасының
«Ботақан» ортаңғы тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукент ауылы**

Қазақстан Республикасындағы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі, Қазақстан Республикасының Білім және Тіл туралы Заңдарының қабылдануы жас ұрпақтың тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Білім берудің мектепке дейінгі сатысы орта білім берудің үздіксіз жүйесінің дайындық кезеңі ретінде баланың денсаулығы мен психикалық санасын жетілдіруі және қорғауы, сонымен бірге, оның ақыл-ойы мен жеке тұлғасының дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Яғни, сана-сезімі ұлттық психология негізінде қалыптасқан, дені сау, білімге деген қызығушылығы жоғары, өз бетінше іс-әрекет ету дағдыларын меңгерген тұлға даярлап шығару – мектепке дейінгі ұйымдардың басты міндеті. Баланы мектепке даярлауда оның байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік қорын байыту, өз ойын басқарып, түсіндіре білу қабілетіне баса көңіл бөлінеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың байланыстырып сөйлеуін дамыту мәселесі білім беру бағдарламасына сай дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып жүргізіледі. Берілетін білім мен тәрбие жұмыстары жас ерекшелігіне сай баланың ана тілінде жүзеге асады.

Әдіскер-ғалым Б.Баймұратованың пікірінше, балалар жеке заттарды біліп қана қоймай, оларды жіктеп, топтап айта білуге, әр заттың қайдан, неден жасалатынын, қалай пайда болатынын өз бетінше түсінуге тырысады. Бала өз төңірегіндегі өмірмен

таныса отырып, түрлі құбылыстармен бетпестестік кездеседі. Күнделікті тұрмыста, табиғат аясында ойын, еңбек, сабақ барысында қоршаған орта туралы жаңа сөздерді үйреніп, оларды өз іс-әрекетінде белсенді қолданады. Демек, байланыстырып сөйлеу – отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда іске асатын бала тілінің даму көрсеткіші [1].

Баланы байланыстырып сөйлеуге үйретуде лексикалық жаттығулар, логикалық сөздік тапсырмалар мен дидактикалық ойынның әдістемелік маңызы зор. Байланыстырып сөйлеуге үйретудегі жиі қолданылатын әдістің бірі – лексикалық жаттығу жұмыстарын жүргізу. Мұндай жаттығулар, әдетте, сөздік ойын түрінде іске асады. Мәселен, бұлтты, жаңбырлы, суық, мөлдір, анық, бұлыңғыр деген сөздерді қандай сөздермен тіркестіріп айтуға болатынын бірге тауып, қосып айтқызамыз.

Байланыстырып сөйлеуде қолданылатын тағы бір тиімді әдіс түрі – логикалық сөздік тапсырмаларды орындату. Мұнда тәрбиеші жыл маусымының өзгерісіне сай әңгіме құрастырып, сипатталған құбылыстардың жылдың қай мезгіліне тән екендігін балаларға тапқызады. Мұндай логикалық сөздік тапсырманы балабақшада бар, тұрмыста қолданылатын заттардың, нәрселердің түрлеріне байланысты да ұйымдастыруға болады. Мәселен, табиғат құбылыстары тақырыбына құрылған логикалық сөздік тапсырмаларды мына үш бағытта жүргізуге болады:

- табиғатта кездесетін қысқа мерзімде болып өтетін өзгерістер туралы, мысалы, қардың еруі, нөсер жаңбырдың жаууы, жапырақтардың сарғаюы, т.б.

- табиғат құбылыстарының заңды байланысына назар аударту, мәселен, жыл мезгілдерінің келу реті, күн суығанда құстардың жылы жаққа кетуі, т.б.

- бір маусымда болатын өзгерістерді толық қамтып түсіндіре отырып, сол тақырып бойынша балалардың өзіне әңгіме құрастырғызу.

Сонымен бірге, әдіскер-ғалым К.Метербаева: «Мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде бейнелі көркем сөздерді меңгертудің де үлкен мәні бар. Образды сөйлеуге үйретудің алғашқы қадамы, бақылау, салыстыру арқылы іске асырылады» [2,63], - деп атап өтеді. Мәселен,





Қуандық Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңін алып қарайық:

Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақша күлімдеп,
Көз тартады жалтырап,
Таудан салқын жел соқса,
Сыбырлады қалтырап.
Жақын қалды желтоқсан
Жабырқайды жапырақ.
Ой, алақай, тамаша!
Шашу шашты жапырақ,
Бақтың іші алаша,
Аунар ма еді, жатып-ап.

Мысалы, балалар осы өлеңде берілген күлімдеп, жалтырап, қалтырап, жабырқайды, шашу шашты жапырақ деген сөздердің мәнін сұрағанда немесе өзендегі тастардың неге ұқсайтындығын сұрағанда олар аппақ, жұмыр, қоңырқай, сары жұмыр тасты сабын секілді, судың мөлдір бастауын айнадай деген теңеулермен сипаттап айтып, жауап бере алады. Осылайша, балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету – тәрбиешіден үлкен шеберлікті талап ететін тіл дамыту әдістемесінің басты саласы.

Мектеп жасына дейінгі баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыра отырып дамытатын тағы бір ерекше әдіс – ойын. Ойын – бала үшін қызықты уақыт өткізу ғана емес, сонымен бірге, білім алып, білік, дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін пайдалы іс-әрекет. Ойынды арнайы сабақ түрінде де, оқу үдерісі барысында да ұйымдастыруға болады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жүйелі және орынды қолданылған ойын элементтері мектеп жасына дейінгі баланың білуге деген ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеруіне, іскерлігін шыңдауға, байланыстырып сөйлеуіне ықпал етеді.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастыруда балалардың төңірегіндегі заттар мен құбылыстардың ерекшеліктерін білуіне, есте сақтауына, оны бақылау кезінде

және сабақта меңгерген ұғымдарын айқын елестетуіне көмектесе аламыз. Сол арқылы байланыстырып сөйлеу тілі де жетіледі.

Тәрбиеші-педагог ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ойын элементтерін пайдалануда мынадай негізгі мәселелерді ескергені жөн:

- ойынның нақты мақсатын анықтау. Балалар ойын кезінде қандай іскерлік пен дағдыны, жаңа сөздерді, сөйлем құру ерекшелігін меңгеретіні мен

ойынның тәрбиелік мақсатын айқындауы керек.

- ойынға қатысушылар санын анықтау;
- ойында қолданылатын материалдардың тартымдылығына көңіл бөлу;

- ойын шартын түсіндіруге арнайы уақыт бөліп, жан-жақты түсіндіру;

- ойынның қанша уақытқа созылатынын алдын-ала жоспарлау;

- ойынның әсерлілігі мен қызықтығы және байланыстырып сөйлеуге сәйкестігін ескеру.

Сонымен бірге, мектепке дейінгі ұйымдарда баланы байланыстырып сөйлеуге үйретудің нәтижелі кезеңі – күннің екінші жартысында топсеруенге шыққанда балалардың есіне түскен әңгімелері мен ертегілерін айтқызу, балабақшадан тыс уақытта көргендерін әңгімелету. Мұндай жұмыстарда тәрбиешінің негізгі мақсаты – баланың қатесіз, дұрыс сөйлеуін қадағалау. Осылайша, жоспарға сай жүйелі түрде жүргізілген жұмыстар арқылы мектеп жасына дейінгі баланың тілі мен байланыстырып сөйлеуін дамытып, сөздік қорын байыта аламыз.

Әдебиеттер:

1 Баймұратова Б.Б. Тіл дамыту. – Алматы, 2010 ж.

2 Метербаева К., Искакова А.: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. –Алматы: Фолиант, 2017 ж. -184 б.





ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ



**ТАСТАНБЕКОВА ХАЛИМА
БАТЫРХАНҚЫЗЫ**

**«Қазына kz» бөбекжай-бақшасының
"Айгөлек" ортаңғы тобының тәрбиешісі,
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукеңт ауылы**

Қазақ даласында тұңғыш мектеп ашып, оқулық жазған, дала қоңырауындай ағартушылық дәнін сепкен Ы.Алтынсарин: «Бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тәрбиеленетін болса, көкірегі ояу, салауатты азамат болып өседі» деген екен [1]. Ал, қазақ тілінде алғаш «Педагогика» оқулығын жазған Алаш қайраткері, ақын М.Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға міндетті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [2,30], - деп жазады.

Расында да, ата-бабадан келе жатқан киелі дәстүрдің қаймағын бұзбай, санадан жоғалып, ұмытылып кетуіне жол бермей, бүгінгі қоғамда жарасымды қолданып келе жатқан қазақ халқы оның тәлім-тәрбиелік мәніне зор көңіл бөледі. Халқымыздың салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа бай болуы – оның ғажап мәдениеті мен өнегелі тәрбиесінің дәлелі. Салт-дәстүр дегеніміздің өзі тарихи тізбегін сақтап, атадан-балаға мұра болып келе жатқан тұрмыстық және әлеуметтік ұстанымдар. Олар адамның іс-әрекеті мен өмірлік көзқарасын, рухани болмысын қалыптастыруға ықпал етіп, тәрбие негізін қалайды. Кез келген дәстүр өз заманында халықтың өмір сүру заңдылығына сай келіп, өміршеңдігін дәлелдегеннен кейін

ғана келер ұрпақтың тіршілігіне де пайдасын тигізіп, қоғамнан өз орнын табады. Демек, бүгінгі қоғамда қолданылып жүрген салт-дәстүрлерді мәңгілік өмір сүру құқығына ие болған киелі құндылық деуге болады. Ендеше, мұндай рухани құндылықты білім беру жүйесінде тиімді пайдаланып, мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие құралы етудің берері мол.

Бүлдіршіндердің бойына қазақтың салт-дәстүріне деген қызығушылығын қалыптастырып, олардың тәрбиелік мәнін ұғындырып, сол арқылы адамгершілік және имандылық қасиеттерін дамыту – мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты. Қазақ халқының салт-дәстүрі арқылы балалардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында ұлттық дәстүрлерге арналған «Шілдеhana», «Тұсау кесу», «Ат қою», «Бесікке салу», «Айтыс», «Наурыз-думан», «Ұлттық ойындар» атты ойын-сауық шаралары мен ата-аналармен бірлесіп «Ұлттық колөнер» көрмелерін ұйымдастыруға болады.

Сонымен бірге, ел арасында ұмыт бола бастаған көген той, тулақ шашу, салбурын, сыралғы, туған жерге аунату, қазан шегелеу сынды дәстүрлерді қайта жаңғыртып, жас ұрпаққа таныстыра алсақ нұр үстіне нұр болар еді. Мұндай дәстүрлер баланы кез келген ортамен оңай араласып, әлеуметтенуі үшін де өте маңызды. Ұлттық тәрбиенің өнегесін отбасында ата-анасы, балабақшада тәрбиеші, мектепте ұстазы мен көпшілік орындарда ақсақалдар айтып, мәнін түсіндіріп, жас ұрпақтың санасына сіңіріп отырса, олардың көкірегінде құндылықтың дәні бүр жарып, мәңгілікке жалғасары анық. Мектеп жасына дейінгі балаға үлкенге – сәлем, қуантқанға – сүйінші, соғымнан – сыбаға, егіннен – кеусен, малдан – көгендік, балаға – базарлық, кішіге – байғазы, сәбиге – көрімдік, көршіге – ерулік, жетім-жесірге – қолқайыр, мүсәпірге – садақа, алғашқы қымыздан – қымызмұрындық, соңғы қымыздан – сіргежияр, сағынғанға – сәлемдеме, қуанышқа – шашу шашатын жарасымды дәстүрімізді насихаттай білсек, мұның қоғамдық қатынастарды реттеуге де оң ықпалын тигізері анық.

Тәрбие негізі отбасында қалыптасады десек те, балабақшаның да бұл үдеріске қосар үлесі мол. Ұлттық тәрбиемен сусындап, халық ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де ұрпақ сабақтастығы мен ата-баба





аманатына адал болары хақ. Себебі, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті, өнерді насихаттау қашан да тәрбиенің төресі бола бермек. Ұлттық құндылықтар мектеп жасына дейінгі балада рухани мұралар мен ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы мен жоғары деңгейдегі ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, отансүйгіштік пен ұлттық намысын, қайсар рухын тәрбиелейді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбие берудің мақсаты – ата-бабамыздан қалған асыл мұралар мен халықтық педагогика негіздерін заманауи біліммен қабыстырып, саналы тәрбие жұмысын үйлестіру. Ал, мұндай тәрбиенің өзектілігі – сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбие көздері – ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге, халықтың салт-дәстүрін аялай білуге үйрететін ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы айқындалады. Ұлттық тәрбие дегеніміз – адамның ана тілін, ата-баба тарихын, туған мәдениеті мен ұлттық дәстүрін меңгеру негізінде ұлттық сана мен мінез-құлық сезімін қалыптастыру. Бұл туралы этнопедагог-ғалым С.Қалиевтің: «Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастау керек», - деген пікірі өте маңызды.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты іс-әрекет арқылы оқытуда келесі құндылықтар көрініс табуы тиіс:

- белсенді қарым-қатынас: тәрбиеші әр мәселе бойынша баланың өзіндік көзқарасын сұрап отыруы тиіс;

- жеке дамыту: тәрбиеші әр баланың жеке ерекшеліктерін дамыта отырып, қоғам алдында жауапкершілік арқалайды;

- тәртіп: бала өзін-өзі бақылауды және бағалауды, шешім қабылдауды және оларды дамытуды үйренеді;

- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдау, құрметтеу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін қабылдау қабілеті.

Мектеп жасына дейінгі балаға ұлттық тәрбие беруде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мына мақсаттарға жетуді көздейді:

- балаға ұлттық тәрбие беруге бағытталған ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шаралар оны мәдениеттің бір бөлшегі ретінде тұлғалық қалыптасуына ықпал етіп, шығармашылық өмірге баулиды;

- бала тұлғасына бағытталған ұйымдастырылған тәрбиелік іс-шаралар, оның өзін тануға, тұлғалық даралануына ықпал етеді. Осылайша, ұлттық болмысқа ие саналы тұлға қалыптасады;

- баланың тұлғалық дамуына бағытталған ұлттық тәрбие оның физикалық және психикалық денсаулығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Бұл тұлғаны түсінуге, өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа, салауатты өмір салты мен парасаттылыққа, өзін тануға негіз болады;

- бала тұлғасына бағытталған ұлттық тәрбие оның тұлғалық дамуына қызмет етеді. Сондықтан оның мазмұны баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып, жан-жақты дамуына негізделеді.

Бүлдіршіндердің жас ерекшелігіне сай атадан-балаға мұра болып қалған тарихты, салт-дәстүрлерді насихаттау жұмысы ана тілін құрметтеуді үйретіп, ұлттық мұраның мәнін түсінетін адамды, тәуелсіз елдің зиялы да білімді азаматтарын тәрбиелейді. Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық құндылық пен ұлттық болмысымызды сақтау жолындағы күрес – ұлттық сана қалыптастыру мен ұлт сапасын арттыру жолындағы күрес екенін терең түсініп, осы бағыттағы жұмыстар жалпы қоғамның қолдауымен жан-жақты жүргізіле бермек.

Әдебиеттер:

- 1 Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2014. -168 бет.

- 2 Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2013. -376 б.

